

Н ТУЫ

ИТЕТІНІҢ, ЕНБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

декабрь Жексенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын

шылардың Бүкілодақтық ференциясынан ІЧ СТАЛИН жолдасқа

Бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілодақтық Төртінші конференциясы ұлы совет халқының бейбітшілікке ұмтылған еркін, жаңа соғысқа жол бермеуге, бейбітшілікті сақтау, нығайтуға шын ниетімен ұмтылып отырғандардың барлығымен тығыз ынтымақтасуға әзір екендігін тағы да айқын көрсетті.

Сонымен бірге, Совет Одағының халықтары бейбітшілікке хауіп төніп отырғандығын, америка және басқа да әртүрлі соғыс өртіп тұтандырушылар тарапынан жаңа қырғын соғысты бастаудың қылмысты жоспарлары бар екендігін ұмытпайды. Совет Одағының халықтары бейбітшілік күзетінде қырағылықпен тұр, олар соғыс өртіп тұтандырушылардың қатерінен қорықпайды, біздің бейбіт еңбегімізді бұзуға, біздің бостандығымыз бен тәуелсіздігімізге қол сұғуға батыды баратын агрессордың қандайына болса да күйрете тойтарыс беріп, талқандауға әзір отыр.

Бұл күндері, халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресінің ашылуы қарсаңында, бүкіл дүние жүзінде миллиондаған адамдар өздерінің үмітін адамзаттың ең игі мақсаттарының қорғаушысы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісінің қорғаушысы, Сізге арнап отыр. Сіздің: «Совет Одағын алатын болсақ, оның мүдделері тегі бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісінен бөліп алғысыз мүдделер» деген сөздеріңіз олардың жүрегінде терең орнады.

Біз, бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілодақтық Төртінші конференциясының делегаттары, қымбатты Иосиф Виссарионович, Сізге өзіміздің шын берілгендік, сүйіспеншілік және құрмет сезімдерімізді білдіреміз. Қымбатты Иосиф Виссарионович, Сіздің совет халықтарының және бүкіл адамзаттың қуанышы мен бақытына жетіңіз, саяхаттарыңыздың

Бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілодақтық Төртінші конференциясы

3 декабрьдегі таңертеңгі мәжліс

3 декабрьде Москвада бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілодақтық Төртінші конференциясы өзінің жұмысын жүргізуде болды. Академик П. Г. Петровскийдің баяндамасы бойынша сөз сөйлеген делегаттар совет халқының бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік ісін сақтап қалуға, халықтар арасындағы достықты нығайтуға ұмтылған қайтпас еркін және бұған бел байлағандығын білдірді.

Ең алдымен белорус ақыны Петр Глебка сөз алды. Ол өткен соғыстың Белорусия еңбекшілерін қандай азапқа ұшыратқанын еске салды.

—Біз бейбітшілікті сақтауға шақырамыз. Біз бейбіт еңбекпен шұғылдандудамыз. Біз қалалардың көшелерінде жайқалған ағаштар өсіреміз. Біз бұл ағаштардың қалың жапырақтарының напалм құрымымен қарауытуын тілемейміз. Әкеміз отырғызған ағаш ұлдарымыз бен немерелеріміз үстін көсенкелі бұтақтарын жайып, мәңгі жайқалып тұратын болсын.

ССРО Ғылым академиясының президенті Несмеянов жолдас мінбеге шықты. Ол конференцияға қатысушыларға советтің ғылым қызметкерлері атынан жалынды сәлем тапсырды. Атом бомбасымен, чума ауруымен қорқытушы кісі өлтіргіштердің халықтарға құрған қанды шеңгелін алып тастау үшін, деді совет ғалымы, соғыс өртіп тұтандырушыларды әрбір елде, әрбір адал ниетті адам алдында әңкерелеп отыру керек. Совет Одағы туралы, совет адамдарының қажырлы, жанқиярлық ерлік еңбегі туралы, олардың бейбітшілік жолындағы күресі туралы шындық барлық жерде естіліп, мерейі үстем болуға тиіс. Совет ғалымдары бүкіл дүние жүзінің ғалымдарын өз елдерінің халық бұқарасымен бірге болуға, бейбітшілік жолындағы күрескерлердің алдыңғы қатарында болуға шақырады.

Москваың «Серп и молот» зауытының даңқты болат балқытушысы Иван Турча-

Жазушы Борис Полевой өзінің сөзінде бейбітшілік жолында дәйектілікпен, қажырлылықпен күрес жүргізудің орасан зор халықаралық маңызын айтты, қуатты және бейбітшіл ұлы совет халқының жемісті еңбегін айтты.

—Бейбітшілікке, бейбіт еңбекке ұмтылу, —деді жазушы, —біздің социалистік құрылыстың өзіне тән сыйнатынан туады. Айталық, ауамен дем алу адамға қандай тән нәрсе болса, бұл тілек біздерге, совет адамдарына, сондай тән нәрсе.

—Мені бұл конференцияға Хабаров өлкесінің еңбекшілері, алыстағы Камчатканың балықшылары жіберді, —деді балықшы колхоздың шкипері Малякин жолдас. —Айта кету қажет, Камчатка кәзір Москвадан ошпама алыс емес, небары үш тәулік жол. Совет Одағының қандай да болса басқа жерінде адамдарымыз қалай өмір сүріп, еңбек етсе, бұл бұрынғы қараңғы түпкірде де адамдарымыз солай өмір сүріп, еңбек етуде. Мұнан 20—25 жылғысымен салыстырғанда, Камчатка танымастық болып көркейді. Совет адамы үшін сүйікті Отанымыздың игілігіне, коммунизмнің игілігіне еңбек етуден асқан қуаныш, онан асқан бақыт жоқ. Біз бейбітшілікті жақтаймыз! Бізге соғыстың керегі жоқ.

БЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Туманова жолдас конференцияның делегаттарына совет жастары атынан жалынды сәлем тапсырды. Совет жастары халқымыздың бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік жолындағы күресіне белсеніп қатысуда. Коммунистік партия, Сталин жолдас пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеген совет жастары барлық елдердің бейбітшіл жастарымен достық байланысты нығайтуда, демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясымен және студенттердің Халықаралық Одағымен болса да, ұмытпауы тиіс.

номиялық проблемалары» деген дамып пандық еңбектерінде прогресшіл адамзаттың барлық көкейтесті сұрақтарына тиілік жауап берді, коммунистік қоғам орнатудың ұлы программасын көрсетіп берді.

Конференцияның делегаты композитор Рапп Эстон халқының қандай күшті жігермен еңбек етіп жатқанын айтты. Совет өкметі тұсында республиканың қалалары мен селоларының тұрмысы қандай танымастық болып көркейгенін айтты. Ол Эстония жазушыларының, суретшілерінің, композиторларының жаңа тұрмыс орнату, бейбітшілік үшін күресу ісінде өз халқына белсенділікпен көмектесіп отырғанын көрсететін көптеген мысалдар келтірді.

Москваың Сталин атындағы автомобиль зауытының директоры Власов жолдас автомобиль зауытының сан мыңды коллективі де бүкіл совет халқымен бірге бейбітшілік үшін қажырлылықпен күресіп отырғанын айтты.

—Майдандарда қатты ұрыстар жүргізіліп жатқан күндердің өзінде, —деді ол, —біздің зауытымыз Сталин жолдас-тың —соғыстан кейінгі бейбіт уақытқа арналған өнім шығаруға әзірлік жасау туралы тапсырмасын орындауға кірісті. Зенбірек дауысы ауаны жаңғырттып тұрған кездің өзінде біздің зауытымызда жүз автомобильдері мен жеңіл автомобильдердің жаңа конструкциялары жасалып жатты.

Ростов облысындағы «День урожая» колхозының председатели Климов жолдасқа сөз берілді.

—Біздің сүйікті Отанымыз, онымен бірге, Советтік Дон қуанышты, шаттық күндерді басынан өткізуде, —деді ол, —туысқан коммунистік партияның еркімен коммунизм ұлы құрылыстарының тұңғышы

Жаушылардың І конференциясы ікі мәжліс

қорғау жоқ жолдас
ен далада,
творчест
дустриялық
қазған, Ем
темір жол
іс бақытты
қазақ өйелі
стадағы озат
ол—ғылым
қайраткері,
Қазақ хал
кендеді. Мү
ұлт саяса
саясатының
йағы. Бізге,
ына, —деді
ісін қа
бейбітшілік
лдыңғы қа
Ванда Васи
із, біз твор
ол.— Қай
стың қандай
да, біздің
іміз, біздің
іміз, біздің

творчестволық бейбіт еңбегіміз бірден көзге түседі. Мән Варшавада, жауынгерлеріміз қан төгіп бостандық әперген Варшавада, көзір совет халқының поляк халқына тамаша тартуы— мәдениет және ғылым сарайының салынып жатқанын көрдім. Сондықтан, қайда барсақ та, біздері жұртшылықтың жылы жүзбен, қуанышпен, зор құрметпен қарсы алғанына таңдануға болмайды.

Сталинград су электр станциясы құрылысындағы адымдаушы экскаватордың бастыры Социалистік Еңбек Ері Усков жолдасты конференцияға қатысушылар қолшапалақтап қарсы алды.

Делегаттар бірінен соң бірі шығып сөйлеуде. ССРО-ның көп халықтарының өкілдері сөз сөйледі. Олар өздерінің бейбітшілік ісіне шын берілгендігін, жаңа соғысқа жол бермеу үшін барлық шараларды қолдануға берік бел байлағандықтарын айтты.

Кеше кешкі мәжілісте конференцияның делегаттары халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресіне баратын делегаттарға берілетін нақазды әзірлеу комиссиясын сайлады.

Бүгін бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілодақтық Төртінші конференциясы өзінің жұмысын жүргізуде.

теңгі мәжліс

олары үшін
линдік сый
етті белгісі
—жұмысты
даңқты то
Чикирев.
тұрмысымыз
біз Ленин-

жасауға, елімізде коммунизм орнатуға жұмсап отырмыз. Халқымыздың бейбітшілік ісінің жеңетіндігіне сенімі мызғымас күшті.

Мандат комиссиясының баяндамасын жасау үшін Қаунайта жолдасқа сөз берілді.

Бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілодақтық Төртінші конференциясына 1.107

Соколов ауданында

Жоспардан тыс өнімдер

Коммунистік партияның XIX съезінің тарихи қарарларымен жігерлене отырып, Ворошилов атындағы колхоздың малшылары мал шаруашылығын онан әрі өркендету және оның өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарысты бұрынғыдан да өрістете түсуде.

Колхозшылар мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөнінде аудан бойынша бірінші орындардың біріне ие болып отыр. Бұл колхоздың мүшелері мемлекетке быйыл 105 мың литрге жуық сүт, 15830 жұмыртқа, 270 килограмм брынза және басқа да мал шаруашылығы өнімдерін берді.

Көзір артель мүшелері мемлекетімізге жоспардан тыс мал шаруашылығы өнімдерін тапсыруда.

Колхоз радиотораптары

Аудан колхоздарында радиосеті жылдан-жылға арта түсуде. Аудан орталығы арқылы Пушкин атындағы, Ленин атындағы, Каганович атындағы, «Дозор Ильича» колхоздары радиоландырылды. Налобин селосындағы бұрын орнатылған радиоторабы «Красный агроном» колхозын және Налобин МТС-ін қамтыйды.

Үстіміздегі жылы Молотов атындағы, «Победа», Буденный атындағы колхоздарда жаңа радиотораптары орнатылды.

Көзір аудан колхоздарының төрт жартысы радиоландырылды.

Жаңа магазин

«Заря коммунизма» колхозы орналасқан Желтково селосында жаңа үлкен селолық магазин салынды. Ол өте жақсы жабдықталған.

Магазинді ашарда Красноярск селолық тұтынушылар қоғамы мұнда товарлардың түр-түрлерін көптеп әкелді. Алғашқы күндердің өзінде-ақ колхозшыларға 30 мыңнан астам сомның товарлары сатылды.

Әрбір колхозшы семьясы

газет, журналға жазылды

Автомобиль транспортында еңбек тәртібі жақсартылсын

Автомобиль транспорты еліміздің халық шаруашылығы міндеттерін орындауда айтарлықтай зор роль атқарады. Автомобиль транспортының өнімді пайдаланылуы жол жүру, тасымалдау жоспарының мүлтіксіз орындалуы көп реттерде жол жүру және автомашиналарды пайдалану ережесінің мүлтіксіз орындалуына, машина жүргізушілер арасындағы саяси-тәрбие жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуіне байланысты болатындығы сөзсіз.

Алайда, машина жүргізушілердің көшеде жүру тәртібін, жалпы жүру ережесін бұзуы салдарынан облысымыздың автомобиль транспортында автомашиналардың апатқа ұшырау фактілері өлі күнге жойылмай келеді. Ал, көптеген автомобиль паркі мен ұйымдардың басшылары бұл фактілерді болдырмаудың тиісті шараларын қарастыру орнына, қайта тікелей өздері себепші болып, еңбек тәртібінің бұзылуына жол беріп келеді. Транспортпен жол жүру тәртібін бұзушылық, әсіресе «Союзгазоттране» (бастығы Потекаев жолдас) системасында өте-мөте көп.

Қай жерде шоферлар арасындағы саяси-бұқаралық жұмыстар өз дәрежесінде жүргізілмесе, сол жерде еңбек тәртібі нашар және жол жүру тәртібін бұзушылық көп кездесіп отыр. Мәселен, облыстық автомобиль тресінің системасы бойынша аз уақыт ішінде жол жүру және автсмашиналарды пайдалану ережесі 100 рет өрескел бұзылды. Сол арқылы мемлекетке 15 мың сомнан астам зыян келді. Көп реттерде машинаның апатқа ұшырауына шоферлардың мас күйінде машина жүргізуі, жол жүру тәртібін бұзуы және техникалық жарамдылығы нашар машинамен сапарға шығуы себеп болады.

Мәселен, Ленин автомобиль ротасының шоферы Ефремов жолдас октябрь айы ішінде тормазы және шамы жөнделмеген ЗИС—50 автомашинасымен сапарға шығып, жолшыбай бір колхоздан астық арт-

дан артық астық төгіліп, автомашина қыйрап қалды.

Соколов ауданындағы «Путь Ленина» колхозының председатели Богомонов жолдас машинаны жүргізуге кәулігі жоқ және мас шофер С. Федосеевқа рұқсат берген. Ал, ол автомашинаны апатқа ұшыратқан, бұл апат кезінде үш колхозшы жараланған.

Бұл фактілердің бәрі автомобиль шаруашылықтарының кәсіподақ және партия ұйымдарының шоферлер арасындағы тәрбие жұмыстарына жете мән бермегендігін және еңбек тәртібін нығайту үшін күрес жүргізбейтінін көрсетеді.

Автомобиль транспортының үздіксіз артуы тұрғын халықты, әсіресе, қала ішінде машина апатына ұшыраудан сақтандыру міндетін қояды. Бұл үшін әрбір шофер, әрбір азамат көшеде жүру тәртібін берік сақтауы керек. Ал, жеке реттерде азаматтар келе жатқан машинаның өтіп кеткенін күтпей, асығыстық істейді, немесе көшеде жүру тәртібін бұзады, өйтпін, машина апатына ұшырауға тікелей өзі себепші болады. Мұндай реттерде машинаны қауырт тоқтатуға мүмкіндік болмай қалады да, шофер кісіні басып кетуден сақтанамын деп машинаны шетке бұрып бағанаға соқтықтырып, машинаны бүлдіреді.

Міне, бұл сыяқты жағдайлардан аулақ болу үшін тек қана тратуардан жүру көшеден мүйістер арқылы ғана өту, жақындап келе жатқан машинаның алдынан жүгіріп өтпеу, жүріп бара жатқан машинаға отырмау сыяқты жабайы ережелердің сақталуын қамтамасыз ету керек. Әсіресе, ата-аналар балаларын машинаға басылып қалуы апатынан сақтандыру үшін олардың машинаға асылауына, жолда қоньки тебулеріне жол бермеулері қажет.

Автомобиль шаруашылықтарында машина жүргізушілер арасында еңбек тәртібін мейлінше нығайту, саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізу, жұртшылық болып көшеде жүру тәртібін берік сақтау арқы-

шысы Литвадағы католиктік шіркеуді өкілі Станкевичус конференцияда сөз сөйлеп, былай деді:

—Егер бүгін адал адам баласының қай қайсысынан болса да —ғалымнан, студенттен, жұмысшыдан немесе шаруадан әкеден, анадан сізді қандай хабар бәрінен де гөрі қатты қуантар еді деп сұрасаңыз, сіз бұған бір ғана жауап алатыныңызды: олардың соғыс адамзатқа ендігі жерде хауіп тудырмайды деген хабарға қуанатындығына сенеміз.

Совет композиторлары Одағының бас секретары Хренников жолдасқа сөз берілді.

—Халықтар арасындағы достыққа шақыратын біздің шығармаларымызды, — деді Хренников жолдас, —барлық ұлттар мен нәсілдердің адамдары жер шарының әртүрлі түкпірлерінде орындап отырғанын, бұл шығармалардың бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті жақтаушылардың топтасуына көмектесіп отырғанын білу

Делегаттар мен қонақтар аса көрнекті совет жазушысы Михаил Шолоховты жылы жүзбен құттықтап, қарсы алды.

Шолохов жолдас өзінің сөзінде идеологиялық майдандағы бейбітшілік жауларын әшкерелеудің бүкіл маңызын атап көрсетті.

Жыйналғандар көрнекті совет ғалымы Лепешинская жолдасы ұзақ қолшапалақтап қарсы алды.

—Советтік ғылымның адамдары, — деді Лепешинская жолдас, —адамның ауру мен кәрілікті жеңуіне, табиғатты өзіне бағындыруына, мәдениетіміздің дәрежесін көтеруіне көмектесетін тамаша жаңалықтар ашуда. Совет ғылымы Маркстің —Энгельстің —Лениннің —Сталиннің іліміне негізделген, ол қазірдің өзінде ғылымның бірсыпыра тұтас салаларында әлімізден тыс жерлердегі ғылымның табыстарына жетіп қана қоймай, тіпті асып түсті.

Біз өзіміздің барлық күшімізді жаңалық

таңертенті мәжілісте академик Н. Г. Петровскийдің баяндамасы бойынша жарыссөзде сонымен қатар совет қызыл кресі атқару комитетінің председателі Холодков жолдас, инженер Дауговет (Латвия), Ленинград паровоз депосының машинисі Федосеев жолдас, Горькийдің Молотов атындағы автомобиль заводының участок бастығы, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Луковников жолдас, Тува автономиялық облысының қоғам қайраткері Анчима жолдас, Түркмен бас каналы құрылысының экскаваторшысы Винников жолдас, бейбітшілікті қорғаудың Қырым Комитетінің председателі Царенко жолдас, Азербайжан университетінің ректоры Гаджиев жолдас, дәрігер, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Гордеев, Қурган облысы, «Заветы Ленина» колхозының егіншісі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Мальцев жолдас, Саратов университетінің профессоры Ширшорина жолдас сөз сөйледі.

(СОТА).

4 декабрьдегі кешкі мәжіліс

Конференцияның кешкі мәжілісінде сөз сөйлеген ССРО халықтарының өкілдері советтік елімізде болып жатқан тамаша өзгерістер туралы, Коммунистік партияның және ұлы көсеміміз И. В. Сталин жолдасының басшылығы арқасында еңбекшілердің қол жеткен жаңа табыстары туралы айтты. Делегаттар халықтардың арасындағы достық байланысты нығайтуға, демократия мен прогрестің жауларының тіміскіленушілігін әшкерелеуге, жарқын болашақ үшін күресуші қарапайым адамдардың күштерін оған сайын батыл топтастыруға шақырды.

Бұл ойлар мен ұмтылушылықтар армян жазушысы Наир Зарьянның, Иванов облысындағы Ногин атындағы фабриканың тоқымашысы Подсобяева жолдасының, Якут АССР-нің делегаты Егоров жолдасының, ССРО-ның халық суретшісі Герасимов жолдасының, атақты Сибирь бақшашысы Лесовенко жолдасының, грессмейстр

Котов жолдасының, ССРО-ның халық артисі Хорава жолдасының сөздерінен айқын көрінді. Конференцияда «Совет халқы бейбітшілік ісін нығайту және сақтау үшін күресте» деген баяндаманы талқылауға 85 делегат қатысты.

Совет адамдарынан, Қытайдың, Болгарияның, Румынияның, Венгрияның, Албанияның және басқа елдердің қоғамдық ұйымдарынан, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінен түскен көптеген құттықтау хаттар мен телеграммалар оқылды.

Бұдан кейін конференция күн тәртібінің екінші пунктіне көшті. Құрамында 127 адам бар бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті бірауыздан сайланды.

Конференция 12 декабрьде Венада ашылатын бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресіне баратын совет делегациясын бірауыздан сайлады. Бейбітші-

лікті қорғаудың халықтар Конгресіне баратын совет делегациясына берілетін Наказ зор өрлеу үстінде бекітілді.

Бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілодақтық Төртінші конференциясы ду қолшапалақтау үстінде бейбітшіліктің ұлы тұстаушысы Иосиф Виссарионович Сталинге құттықтау қабылдады.

Председательдік етуші ақын Сурков бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілодақтық Төртінші конференциясы халықтардың Коммунистік партия мен совет мемлекетінің төңірегіне ұлы топтасқандығы жағдайында өткенін айтты. Конференция совет адамдарының бейбітшілікке, халықтар арасындағы достықты нығайтуға деген мызғымас еркін тағы бір рет көрсетті.

Бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілодақтық Төртінші конференциясы жабылды деп жарияланды. Совет Одағы Гимнінің қуатты үні естіледі.

(СОТА).

Д. КОЛЕСНИКОВ.

Редакцияға хат

Оқу құралдары жеткіліксіз

Жданов атындағы колхоз (Преснов ауданы) партия ұйымында партия тарихын үйренетін үйірме және саяси мектеп жұмыс істейді. Бұларда 30 дан астам коммунистер мен комсомолецтер оқып жүр.

Оқу жылы ұйымшылдықпен өтіп келеді. Үйірме және саяси мектеп тыңдаушыларының маркстік-лениндік ілімді үйренуге деген ынталары зор. Бірақ, оқу құралының жетіспеуі тыңдаушылардың жұмысына үлкен қиындық келтіріп отыр. Колхоз дүкенінде үйірмелер мен саяси мектептерге арналған оқу құралдары ешқашан болған емес. Аудандық партия комитеті үйірмелер мен саяси мектептердің оқу құралдары жеткілікті болуына назар аударуы қажет.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

лердің мәдениетін, жаңа бесжель шаруашылығы бейнелейтін диалог Сол сыяқты, комматарын, совет халығындағы күресін ұйымдастырылған. Мұнда түрлі лекциялар оқылы

Қоғамдық өнім өркендету жөнінде күрделі міндеттерді сіне Ленин атында ауданы) колхозшы жігерін аямай жү

Мұнда қоғамды алынған. Фермала қораларда бағылы азығы да мол.

Малды қыстан лында қолхозшылар жүр. Мәселен, Во

Облыстық „ЛЕНИН ТУЫ“

1953 жылға

жазылушылар қабылданады

Газетке „Союзпечатьтің“ барлық почта кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өмір жазылуға болады.

Газетке ұзақ мерзімге жазылу газеттің мұқабасын қамтамасыз етеді.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет тап